

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## САНАЛЫ ҰРПАҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

ЖАРИЯЛАНДЫ  
16.04.2021СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/93901/**Іс-шараны ұйымдастырушылар:****№148 МГ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары****Ы.Б.Мырзабаева; А.Б.Айтбаева**

**Мақсаты:** Мектеп оқушыларының білімге құштарлығын қалыптастыру және жаңа оқу жылының алдында мерекелік атмосфера құру. Өскелең ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеу, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жетістіктеріне мақтаныш идеяларын кеңінен танымал ету және дамыту; адамгершілік құндылықтары берік негізі бар нәтижеге бағдарланған жан-жақты тұлға қалыптасуына бағыт-бағдар беру, туған жеріне, мектебіне, ұстаздарына, ата-аналарына деген сүйіспеншілік, ризашылық сезімін дамыту. Мемлекеттік мереке – Конституция күнінің маңызын ұғындыру.

**1.Өтетін орны:** Мектеп-гимназия ауласындағы алаң**2.Өтетін уақыты:** 01.09.2019 ж. сағат 9.00-де

**3.Безендірілуі:** ҚР Мемлекеттік рәміздері, дауыс күшейткіш қондырғы, микрофон, музыкалық аспаптар, түрлі-түсті шарлар, жалаушалар, қанатты сөздер жазылған банер, гүлдер.

4. **Жүргізуші:** 1қыз, 1 ұл.5. **Музыкалық безендірілуі:** Мемлекеттік гимн, Отан, мектеп, ұстаз туралы әндер.**Салтанатты жиын «Шолпан жұлдыздарының» қазақ биі (Үлкен топ)****Жүргізу тәртібі:** ФАНФАР ойналады.**БИ біте салысымен ортаға екі жүргізуші шығады****Самғат:** Армысыздар ағайын, құрметті ұстаздар мен қадірменді ата-аналар!

**Аружан:** Қайырлы күн мектеп оқушылары мен балауса балғындар!

**Самғат:** Шуақты қыркүйек айының алғашқы күні барша оқушы қауымы алтын ұя мектебіне қайта оралып, мектеп табалдырығын алғаш аттағалы тұрған балдырғандармен бірге сыңғырлаған қоңырау үнімен табысып отыр.

**Аружан:** Құрметті ұстаздар, қонақтар, ата-аналар, аяулы оқушылар! Бүгінгі сағынышқа, шаттыққа толы «Білім күні» мерекеміз баршаңызға құтты болсын!

**Әскери жетекші:** Мектеп! Сап түзе! Тік тұр! Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы енгізілсін!

***Б.Тілеуханов «Елім менің» (Ту ұстаушы топ ҚР-сының Мемлекеттік туын оқушылар қатары алдынан өткізгеннен кейін, мектеп сап түзеуінің төріне орналасады)***

**Самғат:**

Көгінде қалықтайды тау қыраны

Сол қыраннан болашағың танылады.

Тік тұрып қарсы алайық қалың қауым,

Қазақстан гимні шырқалады

## ГИМН

**1-жүргізуші:** «**САНАЛЫ ҰРПАҚ-ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ**» тақырып аясында өткізіліп отырған алғашқы қоңырау салтанатты жиынымызды ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

**2-жүргізуші: Самғат:**

Егеменді елімнің болашағы,

Кімге де ой тастамас бала қамы.

Білімді ұрпақ елімнің шам-шырағы,

Өшпесін мәңгі бақи бала шамы.

**Аружан:**

Еркін өссін жастарым елімізде,

Тәуелді болмай өссін жерімізде.

Жастар аман бақытты болып тұрса,

Желбіреді көк байрақ төрімізде.

**Самғат:** 2019 жыл – жастар жылы екен бәрімізге мәлім. Осы жастар жылындағы

бүгінгі білім күні «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбында өтіп отыр.

**Аружан:** Білім беру саласы – кез келген мемлекет пен қоғамның маңызды әрі стратегиялық ресурсы. Қазір елімізде жастардың болашағы, сапалы білім алуы, бәсекеге қабілетті болуы және елімізге елеулі еңбек етер азамат болып қалыптасуына жан-жақты жағдайлар жасалуда.

**Самғат:** Сапалы адами капиталды тәрбиелеуде мектептің рөлі зор екені анық. Жаһандану заманында, инновация мен технологияның даму кезеңінде бізге жаңа формациядағы саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін біздің де ұстаздарымыз аянып қалып жатқан жоқ.

**Аружан:** Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық еліміздің саналы ұрпағы екені хақ. Ал саналы ұрпақ ол жарқын болашық.

**Самғат:** Елін, жерін қастерлейтін жемқорлыққа жаны қарсы ел болашағы біздерміз. Мектебіміздің түгел дерлік оқушысы «Адал Ұрпақ» клубының мүшесі. Болашақта еліне адал қызмет ету піздің парыз!

**Аружан:** *Сахна төріне еліміздің күміс көмей, жез таңдай әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Сұлушаш Нұрмағамбетова апайымызды шақырамыз! Қарсы алыңыздар!*

**Самғат:** Биылғы оқу жылында бүкіл ел көлемінде Ұлы ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының 175 жылдығы.

**Аружан:**

Рухынан жақсылардың нұр саулаған,

Жанымды мейірімі құрсаулаған.

Жайсаң өлке, жайдары Қазақстан.

Шуақ шашқан сәулелі күнсің маған.

**Самғат:**

Егемен елім десем, сенім кіріп,

Бойымды билеп кетер сенімділік.  
Ешкімге ауыстырмас алтын, Отан.  
Жырлаймын қасиетіңді төгілдіріп.

**Хабарлаусыз Дана апайдың оқушылары «Қазақстан» әнін орындайды.**

**Самғат:**

Жақсы шәкірт азамат атанады,  
Халқынан, данадан бата алады.  
Ұрпағына айтсын деп ақ тілегін,  
Ортаға шақырайық нар тұлғаны — дей отырып

**Аружан:** Бүгінгі білім күніне арналған «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» атты салтанатты жиынымыздың құрметті қонағы,

\_\_\_\_\_ сөз береміз.

**Самғат:**

Көрсетіп барар жолды ізгі үмітке,  
Баулыған жақсылыққа, ізгілікке,  
Ұстазды құрметтейік кел ағайын,  
Ақылы серік болған бұл тірлікте, — дей келе

**Аружан:** Құттықтау сөз кезегі мектеп-гимназиямыздың директоры Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері **Алиакбарова Фатима Маметқалиқызына** беріледі.

**Самғат:** Рахмет апай!

**Апайдың сөзінен кейін бірден хабарлаусыз Қарлығаш апайдың оқушылары**

**«Ұстазым» әнін орындайды****Самғат:**

Саусақтарын санаған,

Бақытқа бәрін балаған.

Сөз кезегі өзіңде,

Жас бүлдіршін, балапан,- деп кезекті 1- сынып оқушыларына берелік.

**Аружан:** Сахна төріне мектеп табалдырығын аттағалы тұрған бүлдіршіндерімізді шақырамыз! Қарсы алыңыздар!

**Сахнаға Гүлнар апаймен 1-сыныптың 6 оқушысы шығып, өлеңдерін оқиды**

**1-сыныптың тақпақтарынан кейін хабарлаусыз Қарлығаш апайдың оқушылары «Алғашқы қоңырау» әнін орындап, «Шолпан жұлдыздары» би тобы қолдарында сауат ашу кітабымен билейді**

**Самғат:**

Жаңа оқу жылы құт болып,

Ізгілік оты жағылсын.

Бөбек пен түлек жұп болып,

Алғашқы қоңырау соғылсын!

**Аружан:** Алғашқы қоңырауды соғу үшін 11-сыныптың үздік оқушылары мен мектеп табалдырығын аттағалы тұрған бүлдіршіндерді қарсы алыңыздар!

**Самғат:**

Қағылды алғашқы қоңырау, күмбірледі,

Аралап айлық жерді, күндік жерді.

Ілесіп жез қоңырау үнімен.

Қазақтың даласына жаңа леп,

Білімді ұрпақтар тобы келді.

**Аружан:** Биылғы оқу жылында мектеп-гимназиямызда жеті бірінші сынып ашылып отыр. Мектеп анамыздың табалдырығын аттағалы тұрған жас бүлдіршендерімізді білім партасына шақырамыз.

**Самғат:** 1 «А» сынып жетекшісі **Нарбаева Қарлығаш Жеңісбекқызын** оқушыларымен бірге білім нәрін сусындауға шақырамыз!

**Самғат:** Алты жасқа келгенім,

Еркеліктен кеткенмін.

Кітабымды қолтықтап,

Мектебіме жеткенім.

**Аружан:** 1 «Ә» сынып жетекшісі **Игембердиева Гүлнар Берікқызы** шәкірттерімен бірге мектеп табалдырығын аттағалы отыр, қадамдарыңыз құтты болсын!

**Аружан:**

Келді, міне, қоңыр күз,

Келді қағып қоңырау.

Мектеп-ана жылы жүз,

Ашты құшақ омырау.

**Самғат:** 1 «Б» сынып мұғалімі **Жошыбаева Мархабат Жұмабекқызын** өз оқушыларымен бірге білім теңізіне шақырамыз! Қарсы алыңыздар!

**Самғат:**

Зор мақсатқа жетпекке,

Елге қызмет етпекке.

Көп боламыз енді біз,

Үйден гөрі мектепте!

**Аружан:** 1 «В» сынып мұғалімі **Нұрғожина Ләйлә Қасқанқызы** оқушыларын білім нәрін сусындатуға бастап келеді. Қарсы алыңыздар!

**Аружан:**

Көңілге шырақ жандырған,  
Болашақ бір-бір үмітсің.  
Қош келіпсің балдырған,  
Қадамдарыңа гүл бітсін.

**Самғат:** 1 «Г» сынып жетекшісі **Сарсекова Ақмарал Құмарияқызы** оқушыларын білім нәрін сусындатуға бастап келеді. Қарсы алыңыздар!

**Самғат:**

Құтты болсын қарағым,  
Білімге қадам басқаның.  
Сөмке артып арқаңа  
Мектеп есігін ашқаның.

**Аружан:** 1 «Ғ» сынып оқушыларын жетекшісі **Қасымбекова Айбаршын Исанқызы** білімге құштар бөбектерімен мектеп партасына шақырамыз!

**Аружан:**

Қоңырау сыңғырла, асыға  
Үн қосқан қиядан асуға.  
Білім ал, еңбек ет жас ұлан,  
Өрле сен биік шың басына.

**Самғат:** 1 «Д» сынып мұғалімі **Сасенова Перизат** \_\_\_\_\_ өз шәкірттерін білім нәрін сусындауға бастап келеді. Қарсы алыңыздар!

**Аружан:**

Келді, міне, қоңыр күз,

Келді қағып қоңырау.

Мектеп-ана жылы жүз,

Ашты құшақ омырау.

**Аружан:** 1 «Ж» сынып жетекшісі **Садықова Мейрамгүл Ералханқызы** оқушыларымен бірге білім нәрін сусындауға шақырамыз!

**Самғат:** Алты жасқа келгенім,

Еркеліктен кеткенмін.

Кітабымды қолтықтап,

Мектебіме жеткенім.

**Аружан:**

Қасиетті бабалардың киесі,

Ұландарым байтақ жердің иесі.

Әр шәкіртін аялаған аққудай

Сарқылмасын ұстаздардың үлесі

**Хабарлаусыз Шолпан апайдың оқушыларының бишілерінің қазақ биі**

**Әскери жетекші:** Мектеп! Сап түзе! Тік тұр! «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы шығарылсын!»

**(Ту ұстаушы оқушылар Туды саптың алдынан жүріп өтіп, алып шығып кетеді)**

**Самғат:** Қазақстан – Отаным гүлдей жайнаған,

Төсінде оның тасқындап еңбек қайнаған.

Төскейі малға, астыққа толып қамбасы,

Еліміз дамып, жылжыды өрге арбасы.

**Аружан:** Тәуелсіз елдің ұрпағы біз бүгінде,

Ырыс құт дарып, бақыт кеп қонсын еліме.

Молшылық тойдың куәсі болып әрдайым.

Ынтымақ болсын Қазақтың шалқар жерінде

**Самғат:** Жаңа оқу жылы табыстар мен жетістіктерге толы, елімізге бақ-береке, шаттық сыйлаған жыл болсын деген тілекпен салтанатты жиынымызды жабық деп жариялаймыз. Назарларыңызға рахмет!

**Бірге:** Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.